

Д.Байболова *¹ 

¹Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ., Қазақстан

ЭМОЦИОНАЛДЫҚ ИНТЕЛЛЕКТ НЕГІЗІНДЕ БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Аңдатпа

Мақалада қазіргі білім беру жүйесінің талаптарына сәйкес, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау процесінде эмоционалды интеллекттің (ЭИ) маңыздылығы талданады. Теориялық талдаулар арқылы эмоционалды интеллектті мұғалімнің кәсіби табыстылығының маңызды факторларының бірі ретінде қарастырылады. «Эмоционалды интеллект», «эмоционалды мәдениет» ұғымдарының мәні нақтыланады. Эмоционалды интеллекттің құрамдастары ретінде қарым-қатынас, қабілеттілік, көшбасшылық, өзін-өзі тану, өзін-өзі реттеу, мотивация, эмпатия, әлеуметтік дағдылар қарастырылады және олардың болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға негіз болатындығы талданады. Зерттеу барысында мұғалімнің эмоцияларды басқару қабілетінің оқушылармен сенімді қарым-қатынас орнатуға, олардың мотивациясын арттыруға және жағымды оқу ортасын құруға ықпалы түсіндіріледі. Эмоционалды интеллекттің компоненттері – өзіңіздің және басқалардың эмоцияларын анықтай білу, олардың арасындағы айырмашылықтарды табу; нақты мәселелерді шешу үшін эмоциялардың барлық әлеуетін қолдана білу; әрбір эмоцияны білу және оның қалай пайда болатынын түсіну қабілеті; эмоцияларыңызды басқара білу деп көрсетіледі.

Эмпирикалық бөлімдегі зерттеу барысында Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің студенттері арасында эмоционалды интеллекттің деңгейін бағалау үшін сауалнамалар мен диагностикалық сұрақтар қолданылды. Нәтижелер болашақ мұғалімдер арасында ЭИ деңгейінің орташа және төмен екендігін көрсетті, бұл олардың эмоционалды дамуын қолдаудың маңыздылығын көрсетеді.

Түйін сөздер: эмоционалды интеллект, эмпатия, мотивация, қарым-қатынас, эмоцияларды басқару, кәсіби құзыреттілік.

Байболова Д., *¹ 

¹Қызылординский университет имени Коркыт Ата, г.Кызылорда, Казахстан

ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ФОРМИРОВАНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ НА ОСНОВЕ ЭМОЦИОНАЛЬНОГО ИНТЕЛЛЕКТА

Аннотация

В статье анализируется важность эмоционального интеллекта (ЭИ) в процессе подготовки будущих учителей начальных классов в соответствии с требованиями современной системы образования. Посредством теоретического анализа эмоциональный интеллект рассматривается как один из важнейших факторов профессионального успеха учителя. Уточняется сущность понятий: «эмоциональный интеллект», «эмоциональная культура». В качестве компонентов эмоционального интеллекта рассматриваются коммуникабельность, способности, лидерство, самосознание, саморегуляция, мотивация, эмпатия, социальные навыки и анализируется, являются ли они основой для формирования профессиональных компетенций будущих учителей начальных классов. В ходе исследования объясняется влияние способности учителя управлять эмоциями на установление доверительных отношений с учащимися, повышение их мотивации и создание позитивной учебной среды. Компоненты эмоционального интеллекта-это способность определять свои эмоции и эмоции других, находить различия между ними; способность использовать весь потенциал эмоций для решения конкретных проблем; способность знать каждую эмоцию и понимать, как она возникает; способность контролировать свои эмоции.

В ходе исследования на эмпирическом отделении были использованы анкеты и диагностические вопросы для оценки уровня эмоционального интеллекта среди студентов Кызылординского университета имени Коркыт Ата. Результаты показали, что уровень ЭИ среди будущих учителей был от умеренного до низкого, что подчеркивает важность поддержки их эмоционального развития.

Ключевые слова: эмоциональный интеллект, эмпатия, мотивация, общение, управление эмоциями, профессиональная компетентность.

Baibolova D., *

¹Kyzylorda University named after Korkyt batyr, Kyzylorda, Kazakhstan

THEORETICAL ASPECTS OF THE FORMATION OF PROFESSIONAL COMPETENCE OF FUTURE PRIMARY SCHOOL TEACHERS ON THE BASIS OF EMOTIONAL INTELLIGENCE

Annotation

The article analyzes the importance of emotional intelligence (EI) in the process of training future primary school teachers in accordance with the requirements of the modern education system. Through theoretical analyses, emotional intelligence is considered as one of the most important factors in the professional success of a teacher. The essence of the concepts of «emotional intelligence», «emotional culture» is clarified. Communication, ability, leadership, self-awareness, self-regulation, motivation, empathy, social skills are considered as components of emotional intelligence and are analyzed as the basis for the formation of the professional competence of future primary school teachers. The study explains the influence of the teacher's ability to manage emotions on building trusting relationships with students, increasing their motivation, and creating a positive learning environment. The components of emotional intelligence are expressed as being able to identify your own emotions and those of others, finding differences between them; being able to use the full potential of emotions to solve specific problems; being able to know each emotion and understand how it occurs; being able to control your emotions.

In the course of the research in the empirical part, questionnaires and diagnostic questions were used to assess the level of emotional intelligence among students of Korkyt Ata Kyzylorda University. The results showed a moderate to low level of EI among future teachers, which indicates the importance of supporting their emotional development.

Keywords: emotional intelligence, empathy, motivation, communication, emotion management, professional competence.

Кіріспе. Қазіргі қоғамның дамуы мен өзгерістері білім беру жүйесіне, әсіресе, бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау үдерісіне жаңа талаптар қойып отыр. Қазіргі таңда тек қана кәсіби білім мен пәндік құзыреттілік емес, сонымен қатар, эмоционалды интеллект (ЭИ) сияқты жеке тұлғалық қасиеттер де маңызды орынға ие болуда. Эмоционалды интеллект адамға өзінің эмоцияларын түсініп, басқалардың эмоцияларын тануға және сол эмоцияларды тиімді басқаруға мүмкіндік береді. Бұл қабілет педагогикалық қызметтің табысты болуының маңызды шарты болып табылады.

Білім алушылардың эмоционалды интеллектісін қалыптастыру мәселесі қазақстанның заңнамалық және нормативтік құжаттарында айқын көрсетілген. Эмоционалды интеллектіні дамыту қазіргі білім беру жүйесінің маңызды бағыттарының бірі болып табылады, сондықтан бұл мәселе түрлі құжаттарда көрініс тапқан.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында білім берудің мақсаты ретінде оқушылардың тұлғалық дамуына, олардың әлеуметтік және эмоционалды дағдыларын қалыптастыруға ерекше назар аударылады. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-бабы: «Білім беру саласында тұлғаның физикалық, интеллектуалдық, шығармашылық, әлеуметтік және эмоционалды дамуын қамтамасыз ету» деп көрсетіледі [1].

Болашақ бастауыш сынып мұғалімі тек оқушыларға білім беріп қана қоймайды, сонымен қатар, олардың эмоциялық дамуына да әсер етеді. Оқушылармен дұрыс қарым-қатынас орнату, олардың эмоциялық жағдайын түсіну және басқара білу қабілеті мұғалімнің жұмысында шешуші рөл атқарады. Сондықтан болашақ мұғалімдер үшін эмоционалды интеллектті дамыту аса маңызды міндетке айналады.

Эмоционалды интеллекттің маңызды аспектілері – өз эмоцияларын тану, өз-өзінді бақылау, әлеуметтік таным және басқалармен қарым-қатынас жасау қабілеті. Бұл қабілеттер болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби қызметінде ерекше маңызды, себебі болашақ мұғалімдер тек білім берумен ғана айналыспайды, олар оқушылардың эмоционалды және әлеуметтік дамуына да үлес қосады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдері оқушымен жұмыс жасауда олардың эмоционалды қажеттіліктерін түсіну, дұрыс жауап беру қабілеті шешуші рөл атқарады. Эмоцияларды дұрыс басқару арқылы болашақ мұғалімдер оқушылар арасында сенімділік атмосферасын құра алады, олардың мотивациясын арттырады және жағымды оқу ортасын қалыптастырады. Мысалы, болашақта кәсіби жолдағы тәжірибеде оқушының көңіл-күйін түсіну және оған сәйкес әрекет ету оқыту процесінің нәтижелі болуына ықпал етеді.

Болашақ мұғалімнің эмоционалды тұрақтылығы да оқушылармен сәтті қарым-қатынас орнатуда маңызды рөл атқарады. Оқу процесі кезінде туындауы мүмкін стресстік жағдайларда мұғалім сабырлылық сақтай білуі және оқушылардың көңіл-күйін реттеп, қолдау көрсетуі қажет. Бұл дағдылардың барлығы эмоционалды интеллекттің дамуына байланысты.

Зерттеудің мәселесі эмоционалды интеллектті болашақ мамандарды даярлау аспектісінде зерттеу қажеттілігімен байланысты, және бұл мәселе педагогикалық практикада барған сайын өзекті болып отыр. Қазіргі педагогтің бейімделу қабілетін дамытуды, коммуникативтік дағдыларды жетілдіруді, сондай-ақ өз эмоциялық жағдайын түсіну мен бақылауды қажет ететінін ескере отырып, эмоционалды интеллект мұғалімнің тек білім беру емес, сонымен қатар тәрбие қызметін де тиімді жүзеге асыруының маңызды факторы болып саналады.

Эмоционалды интеллект ұғымын алғаш қалыптастырған – АҚШ журналисі Дэниел Гоулман еді. 1990-жылдары «Эмоционалды интеллект: IQ-дан да маңызды» атты кітабы жарыққа шығып, нағыз әлемдік бестселлерге айналады. Содан бастап бүкіл әлемнің назары EQ-ға ауады [2].

Гоулман адам жетістікке жету үшін ең алдымен зияткерлік интеллекті емес, эмоционалды интеллектінің қажет екенін дәлелдеп шығады. Яғни, эмоционалды интеллектісі жоғары адамдар тілтабысқыш, қабылдауы жылдам, сезімі мен эмоциясын бақылауда ұстай алатын сабырлы, салқынқанды, жеке пікірі мен сыни ойлауы бар тұлға болып қалыптасатынын алға тартады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби қызметіндегі эмоционалды интеллекттің маңызы зор. Өз эмоцияларын және басқалардың эмоцияларын түсіну, бақылау және басқару қабілеті мұғалімнің педагогикалық қызметінде үлкен рөл атқарады. Эмоционалды интеллекттің жоғары деңгейі мұғалімге қиын жағдайларда тиімді шешімдер қабылдауға, оқушылармен сәтті қарым-қатынас орнатуға және жалпы оқу процесін сапалы түрде ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Сондықтан болашақ мұғалімдер үшін эмоционалды интеллектті дамыту және оны кәсіби қызметте қолдану өте маңызды. Сондықтан біз «эмоционалды интеллект» ұғымының мәні мен мазмұнын анықтау және эмоционалды интеллект арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық аспектілерін қарастырамыз.

Негізгі ережелер:


-«Эмоционалды интеллект (EQ) – тұлғаның өзінің эмоциясы мен басқа адамдардың эмоциясын тани және бақылай алуы, оларды ажырата білуі және соны өзінің ойлануы мен іс-әрекетіне қолдануы бойынша бірнеше қабілеттердің жиынтығын беретін құрылым». EQ екі қабаттан тұрады: біріншісі – адамның өз сезімін тануы, екіншісі – өзге адамдардың сезімі мен эмоциясын тани алуы;

- «Эмоционалды мәдениет – бұл болашақ мұғалімнің өз эмоцияларын түсініп, оларды дұрыс басқарып, орта субъектілеріне (оқушы, ата-ана т.б.) қолдау көрсете білу қабілеттерінің жиыны».

Материалдар мен әдістер. Біздің зерттеуімізде келесідей зерттеу әдістері, яғни талдау, жинақтау, салыстыру, анықтау, ал эмпирикалық тұрғыда диагностикалау, бақылау қолданылады. Ең алдымен «эмоционалды интеллект» ұғымының шетелдік, ресейлік және отандық ғалымдардың еңбектеріндегі талдауларын ұсынатын боламыз.

Трэвис Брэдберри өзінің зерттеулерінде: «Эмоционалды интеллект» (EQ) ұғымы орташа IQ деңгейі бар адамдар IQ жоғары адамдарға қарағанда 70% табысты екендігі туралы ерекше жаңалықты түсіндіретін құбылыс. Бұл бір қарағанда қисынсыз жаңалық «IQ табыстың

жалғыз көзі» деген кең таралған сенімге үлкен күдік келтіреді» деп түсіндіреді [3]. Ондаған жылдар бойы жүргізілген зерттеулер эмоционалды интеллект табысты адамдарды басқалардан ерекшелейтін ең маңызды фактор деген қорытындыға әкелді. Сондай-ақ Джек Уэлч: «Эмоционалды интеллект, сөзсіз, кітап оқығаннан келетін білімге қарағанда сирек кездеседі, бірақ менің тәжірибем ол көшбасшыны қалыптастыруда әлдеқайда маңызды екенін көрсетеді. Оны елемеуге болмайды» деген тұжырымға келеді [4].



1-сурет. Эмоционалды интеллект компоненттері

Жоғарыдағы шетелдік ғалымдардың зерттеулерінен байқайтынымыз, адамның IQ-на қарағанда, EQ-і өте икемді. Жаңа эмоционалды - интеллектуалды мінез-құлық үлгілерін қайталай отырып, тұлға оларды әдетке айналдыра алады. Тұлғаның осы жаңа үлгілерді пайдалануды күшейтуінде ескі, деструктивті мінез-құлық жойылады. Көп ұзамай сіз эмоционалды интеллект дағдыларын олар туралы ойланбастан-ақ, пайдалана бастайды. Әрі эмоционалды интеллект осы тұрғыда болашақ мамандарды кәсіби табыстылыққа апаратыны сипатталады. Ал енді болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігінің негізін эмоционалды интеллект құрайды деуге болады. Ол үшін ЭИ-тің 5 компонентін бөліп қарастырамыз. Олар эмоционалды интеллектті 5 компонентке бөлді: *өзіңіздің және басқалардың эмоцияларын анықтай білу*, олардың арасындағы *айырмашылықтарды табу*; нақты мәселелерді шешу үшін *эмоциялардың барлық әлеуетін қолдана білу*; *әрбір эмоцияны білу* және оның *қалай пайда болатынын түсіну қабілеті*; *эмоцияларыңызды басқара білу* (1-суретте).

Эмоциялар – педагогикалық қарым-қатынастың негізі деп таныған Е.П. Ильиннің пікірі бойынша, «эмоциялар – бұл адамның белгілі бір оқиғаларға немесе жағдайларға субъективті көзқарасын көрсететін психологиялық реакциялар. Болашақ мұғалім өз эмоцияларын түсініп, оларды басқара алмаса, балалармен тиімді жұмыс істеуде қиындықтарға тап болуы мүмкін» деп тұжырымдайды [5]. Сондай-ақ автордың зерттеуінде *эмоция-қарым-қатынас*, *эмоция-басқара алушылық* аспектілері негізге алынады.

Қазақстанның «Мазмұндама» қоғамдық қорының бастамасымен оқуға жарияланған маңызды заманауи кітаптардың бірі «Кемелдену. Оқуға тиісті 10 Кітап» атты еңбекте Гоулманның зерттеулері көрініс тапқан. Бұл ретте зерттеуші «эмоциялық хайджек» түсінігінің маңызын терең талдап көрсетеді. Гоулманның пікірінше, тұлғаның эмоциясына себеп болатын реакцияны «*эмоциялық хайджек*» деп атады. Мұндағы «хайджек» - басып алу, алып қашу, құтылу дегенге саяды. Мұндағы жылдам реакция таныту, міне хайджек деген осы мағынаны білдіреді, алайда эмоция ақыл-ойды басқарады [6].

«Кемелдену. Оқуға тиісті 10 Кітапта» Г.Гаднердің «Спектрум» бағдарламасы талданады. «Спектрум» – бұл сөйлеу білу өнері, музыка өнері, дене қимылы, тұлғааралық қарым-қатынас дағдылары сияқты сан алуан қабілеттерді дамытуға арналады [6, 186].

Метасөздіктерде: «қарым-қатынас – өзара байланыс, шындық компоненттерінің бір-бірімен өзара шарттылығы, олардың жеке сипаттамаларының өзара тәуелділігі» деп түсіндіріледі [7]. Бұл ретте болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқушыға, айналасына, ата-аналарға немесе ұжымына деген дұрыс әрекет ету, шынайы байланыс орнатудың негізі деп танымыз.

Эмоционалды интеллект болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби және жеке өміріндегі табыстылықты қамтамасыз ететін негізгі факторлардың бірі болып табылады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімі тек пәндік білімді ғана емес, сонымен қатар эмоцияларды басқару, оқушылардың эмоциялық жағдайын түсіну қабілеттерін де меңгеруі тиіс. Бұл қабілеттер мұғалімге сыныпта тиімді жұмыс істеуге және оқушылармен өзара түсіністік орнатуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, эмоционалды интеллекттің төмендігі қиын жағдайлар мен қақтығыстарды шешуде де кедергі келтіреді. Егер мұғалім өз эмоцияларын басқара алмаса, бұл оның оқу процесін тиімді басқаруына және оқушылардың қажеттіліктеріне назар аударуына кедергі болуы мүмкін. Нәтижесінде, оқушылармен қарым-қатынас нашарлап, оқу нәтижелері төмендеуі ықтимал.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігінің бір маңызды бөлігі эмоцияны басқару болса, сыныптағы эмоционалды жағдайды басқару қабілеті оның кәсіби қызметінің тиімділігін айқындайтын маңызды фактор болып табылады. Бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс істегенде, олардың эмоционалды жағдайын ескеріп, осы орайда сабақтарды дұрыс ұйымдастыру мұғалімнің негізгі міндеттерінің бірі. Болашақ мұғалімнің эмоцияларды басқару қабілеті балалардың оқуға деген қызығушылығын арттырып, олардың білім алу процесін жеңілдетеді. Мысалы, қиын тақырыптарды түсіндірген кезде болашақ бастауыш сынып мұғалімінің сабырлылық сақтауы және оқушыларды қолдап, олардың эмоциялық қажеттіліктеріне назар аударуы оқу процесінің тиімділігін арттырады. Эмоцияларды басқару дағдысы мұғалімге оқушылар арасында жағымды эмоционалды климат құруға көмектеседі, бұл өз кезегінде балалардың өзін-өзі дамытуына және оқуға деген ынтасын арттыруға оң әсерін береді.

Адамдар эмоцияларға ежелден қызығушылық танытқан. Тіпті Чарльз Дарвин өзінің «Адамдар мен жануарлардағы эмоциялардың көрінісі» атты еңбегінде эмоциялардың сыртқы көріністерінің тіршілік ету мен бейімделу үшін маңыздылығына тоқталған [8]. Дегенмен, «эмоционалды интеллект» терминінің өзі салыстырмалы түрде жақында шамамен 30 жыл бұрын пайда болды. Тұжырымдама 1990 жылы Питер Саловей мен Джон Майер өздерінің «Эмоционалды интеллект» атты маңызды мақаласын жариялаған кезде дүниеге келген деп айта аламыз. Бұл жұмыс эмоционалды интеллектті заманауи түсінудің негізін қалады және ғылыми ортада да, кең аудиторияда да қызу пікірталас тудырды [9].

Тақырыптың дамуындағы тағы бір маңызды кезең 1995 жылы пайда болды. Ғылыми журналист Дэниел Гоулман бүгінгі таңда танымал «Эмоционалды интеллект» кітабын шығарды, онда ол осы теорияның тарихы туралы егжей-тегжейлі айтып берді. Оның моделіне сәйкес эмоционалды интеллект бес негізгі компоненттен тұрады:

- өзін-өзі тану – өз эмоцияларын, мотивацияларын, күшті және әлсіз жақтарын білу, сондай-ақ өз мақсаттары мен құндылықтарын түсіну қабілеті;
- өзін-өзі реттеу – өз эмоцияларын басқара білу және импульсивті әрекеттерді тежеу;
- мотивация – процестің және нәтиженің өзі үшін мақсаттарға жетуге ұмтылу;
- эмпатия – басқа адамдардың сезімдерін түсіну және ескеру қабілеті, сондай-ақ эмпатия жасау қабілеті;
- әлеуметтік дағдылар – қарым-қатынас орнату, адамдарға ықпал ету және оларды дұрыс бағытқа бағыттау қабілеті [2, б 54].



2-сурет. Д.Гоулманның «эмоционалды интеллект» бойынша моделі

Кейбір зерттеушілер Д.Гоулман моделін шамадан тыс коммерцияландырғаны үшін сынға алғанымен, ол эмоционалды интеллект сияқты көп қырлы құбылысты түсіну үшін ең танымал және жиі қолданылатындар тұжырымдардың бірі болып қала береді.

Эмоционалды интеллект ұғымына келетін болсақ, оны мұғалімнің эмоцияларды түсіну, оларды басқару және эмоцияларға негізделген шешімдер қабылдау қабілеті деп қарастыруға болады. Бастауыш сынып мұғалімі үшін бұл қабілет балалармен өзара қарым-қатынаста ерекше маңызды рөл атқарады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдері үшін эмоционалды интеллект негізіндегі кәсіби құзыреттіліктің негізгі аспектілері мыналар:

- мұғалімнің өзін-өзі анықтау және өзін-өзі басқару қабілеті;
- өзара қарым-қатынасты басқару қабілеті;
- қарым-қатынас жасау қабілеті;
- өзіне есеп беру қабілеті.

Болашақ мұғалімдер осы аталған қабілеттіліктерді игеруінде өз эмоцияларын түсініп, оларды басқаруға және бақылауға қабілетті болған жағдайда, оқушылармен жұмыс барысында тиімді нәтижелерге қол жеткізе алады. Бұл эмоционалды құзыреттілік бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби жетістігін қамтамасыз ететін маңызды факторлардың бірі болып табылады.

Қазіргі уақытта эмоционалды интеллектті зерттеу маңызды педагогикалық тақырыптардың біріне айналды. И.Н.Андрееваның зерттеулерінде бұл ұғым адамның өз сезімдері мен тілектерін түсіну және эмоцияларды интеллектуалды талдау негізінде басқару қабілеті ретінде сипатталады [10]. И.Н.Андрееваның зерттеуінде эмоционалды интеллекттің көмектесетін мамандықтардағы (оның ішінде педагогтың да) маманның кәсіби құзыреттілігінің эмоциялық құрамдас бөлігін көрсететін ұғым екені нақтыланады, бұл аталған мамандықтардың қызметінің мазмұнының ерекшеліктерімен түсіндіріледі.

Осылайша, эмоционалды интеллект болашақ мұғалімдердің кәсіби дайындық жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Оның жоғары деңгейі мұғалімге балалармен тиімді қарым-қатынас орнатуға, оқу процесін дұрыс ұйымдастыруға және эмоционалды тұрақтылықты сақтауға көмектеседі. Сондықтан болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің эмоционалды интеллектін дамыту олардың кәсіби қызметіндегі табыстылықтың кепілі болып табылады.

Отандық зерттеулер ішінде З.Б.Мадалиева, Г.А.Қасен, Н.М.Садыкова, Л.О.Баймолдина, З.М.Садвакасоваларды атап өтуге болады [11]. Авторлар отандық және шетелдік зерттеулерді шолу негізінде негативті эмоционалды күйлерді тану мәселесінің даму динамикасын бақылап, осы бағыттағы қолданбалы психологияның проблемалары мен перспективалық бағыттарын анықтайды. Сонымен қатар, кейбір зерттеушілер эмоционалды

интеллектінің дамуына әсер ететін факторларды және оның студенттердің академиялық жетістіктеріндегі ролін анықтауға баса назар аударады.

Қазіргі уақытқа дейін педагогикалық ғылымда «эмоционалды интеллект» ұғымына бірыңғай көзқарас әзірленбеген. Адамның ойлау мен эмоциялар арасындағы өзара байланыс Л.С.Выготскийдің зерттеулерінде сипатталған, онда «ойлау тек инстинктивтік және эмоциялық негізде пайда болып, солар арқылы бағытталады» деп көрсетіледі [12]. Сондай-ақ, мұнда жеке тұлғаның интеллектуалды және эмоциялық-ерік салаларының қоршаған ортада сәтті бейімделу мен жұмыс істеуді қамтамасыз ету үшін бірге жұмыс істейтіні де атап өтілген.

Ал И.В.Дробышевскаяның пікірінше, эмоционалды интеллекттің көрсеткіштері эмоционалды, когнитивті және мінез-құлықтық критерийлерден тұрады. Бұл критерийлер болашақ мұғалімдердің кәсіби дағдыларын дамытуда ерекше маңызды [13].

И.В.Дробышевская өз зерттеуінде: «эмоционалды интеллект – адамның қоршаған ортаға тиімді бейімделуіне және өмірде табысқа жетуіне ықпал ететін қабілеттер, мүмкіндіктер мен дағдылар жиынтығы» ретінде анықтағандығын атап өтеді [13, 55-58 бб.]. Н.Б.Трофимова, өз кезегінде, эмоционалды интеллектті «адамның қоршаған ортаның қысымын жеңіп шығуға қабілеттілігін анықтайтын иррационалды мүмкіндіктер, қабілеттер мен дағдылар жиынтығы» деп нақтылайды [14].

Сонымен, педагогтің эмоционалды интеллекті – оның бейімделу қабілетінің маңызды бөлігі, ол педагогқа әртүрлі жағдайларға икемді жауап беруге және дұрыс шешім қабылдауға көмектеседі. Педагогтың эмоционалды интеллектінің негізгі қырларының бірі – оның қақтығыстарды шешу қабілеті. Бұл қазіргі жасөспірімдердің моральдық құндылықтарының өзгеруімен және олардың үлкен жастағы мұғалімдердің дүниетанымымен қайшылыққа түсуімен байланысты. Бір қақтығысты сәтті шешкен мұғалімнің мінез-құлқы басқа жағдайда тиімді болмауы мүмкін. Мұғалім үшін түрлі коммуникативті қиындықтарды шешу жолдарын табу үшін психикалық икемділік пен дамыған эмоционалды интеллекттің маңызы зор. Дегенмен, кәсіби тәжірибе артқан сайын, бұл қабілет кейде әлсіреп, педагогикалық жағдайларды шешуде бірсарынды әдістерді қолданатын мұғалімдерде тіпті төмендеуі мүмкін.

Нәтижелер мен талқылау. Біз мақаламызда эмоционалды интеллекттің теориялық аспектілеріне талдау жасай келе нәтижесінде келесідей нақтылаулар береміз: «Эмоционалды интеллект (EQ) – тұлғаның өзінің эмоциясы мен басқа адамдардың эмоциясын тани және бақылай алуы, оларды ажырата білуі және соны өзінің ойлануы мен іс-әрекетіне қолдануы бойынша бірнеше қабілеттердің жиынтығын беретін құрылым». EQ екі қабаттан тұрады: біріншісі – адамның өз сезімін тануы, екіншісі – өзге адамдардың сезімі мен эмоциясын тани алуы.

Осы орайда болашақ мұғалімдердің эмоционалды мәдениетін дамыту да маңызды. «Эмоционалды мәдениет – бұл болашақ мұғалімнің өз эмоцияларын түсініп, оларды дұрыс басқарып, орта субъектілеріне (оқушы, ата-ана т.б.) қолдау көрсете білу қабілеттерінің жиыны». Эмоционалды мәдениет болашақ мұғалімнің кәсіби қызметіндегі маңызды құзыреттіліктердің бірі болып табылады.

Біздің зерттеуімізде эмоционалды интеллектті – студенттердің эмоциялық ақпаратты өңдеп, оны ойлау мен танымдық әрекеттерде пайдалану қабілеті ретінде қарастырамыз. Осыған байланысты зерттеудің мақсаты – бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі білімстуденттерінің эмоционалды интеллектін бағалауға мүмкіндік беретін педагогикалық диагностикалық құралдар әзірлеу болып табылады. Бұл құралдарды әзірлеу, бір жағынан, университеттің білім беру ортасының студенттердің эмоционалды интеллектін қалыптастыруға ықпалын «көре білу» қажеттілігімен, ал екінші жағынан, студенттердің эмоционалды интеллектінің қолданылу деңгейін (оның психологиялық диагностикада көрінбейтін аспектілерін) рефлексиялауға қажеттілікпен байланысты.

Ғылыми дереккөздердегі болашақ педагогтердің эмоционалды интеллект (ЭИ) деңгейін жаңарту және нақтылау мақсатында Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің базасында 6В01303 – Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасының студенттері арасында пилоттық зерттеу жүргізілді. Зерттеу екі кезеңде өтті. Бірінші кезеңде Н. Холлдың «Эмоционалды интеллект тесті» қолданылды, ал екінші кезеңде тереңірек бағалау үшін қосымша диагностикалық сұрақтар енгізілді.

Деректер Microsoft Forms арқылы жиналды, және зерттеуге бірінші курсқа қабылданған 30 студент қатысты. Нәтижелер көрсеткендей, бірінші курс студенттері орташа және төмен деңгейдегі эмоционалды интеллектке ие, ал ең аз дамыған дағдылар – бұл эмпатия және басқа адамдардың эмоцияларын тану, бұл педагогтар үшін топпен тиімді жұмыс істеу үшін өте маңызды.

Зерттеу барысында бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби қызметінде эмоционалды интеллекттің (ЭИ) маңызды рөл атқаратыны анықталды. ЭИ мұғалімдерге өз эмоцияларын түсініп, оларды басқаруға, сондай-ақ оқушылардың эмоционалды қажеттіліктерін ескеруге мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде оқыту процесін жақсартуға және тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

Зерттеу нәтижелері ЭИ-дің негізгі компоненттері – өз эмоцияларын тану, өзін-өзі реттеу, эмпатия және әлеуметтік дағдылар – бастауыш сынып мұғалімдерінің табысты жұмыс істеуі үшін ерекше маңызға ие екенін көрсетті. Сонымен қатар, зерттеу мұғалімнің эмоционалды интеллекті мен конфликттерді басқару қабілеті арасында тікелей байланыс бар екенін анықтады. Эмоцияларды дұрыс басқара алмаған мұғалімдер оқушылармен және әріптестермен қарым-қатынаста қиындықтарға тап болуы мүмкін, бұл олардың кәсіби қызметінің тиімділігіне теріс әсер етуі ықтимал.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің студенттері арасында жүргізілген зерттеу нәтижелері болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің эмоционалды интеллект деңгейінің орташа және төмен екендігін көрсетті, бұл олардың эмоционалды дамуын қолдау қажеттілігін көрсетеді. Осыған байланысты, зерттеу нәтижелері болашақ мұғалімдер үшін эмоционалды интеллектті дамытатын арнайы оқыту бағдарламаларын енгізудің маңыздылығын айқындады, себебі бұл олардың кәсіби шеберліктерін арттырып, оқыту процесін тиімді жүргізуге ықпал етеді.

Алынған мәліметтерге сүйене отырып, студенттердің болашақ кәсіби қызметінде эмоционалды интеллекттің маңыздылығы туралы хабардар болуы мен оның ағымдағы даму деңгейі арасында оң корреляция бар деген болжам жасалды. Бұл болжамды тексеру үшін бастауыш сынып мұғалімдерінің эмоционалды интеллект құрылымы, оның кәсіби және жеке өмірдегі рөлі туралы хабардарлығын және студенттердің осы концепцияға деген сенімін зерттеуге бағытталған арнайы диагностикалық сұрақтар әзірленді.


Қосымша диагностикалық сұрақтар 1-кестеде беріледі.

Кесте 1 – Бастауыш сынып мұғалімдерінің эмоционалды интеллект құрылымы, оның кәсіби және жеке өмірдегі рөлі туралы хабардарлығын және студенттердің осы концепцияға деген сенімін зерттеуге бағытталған арнайы диагностикалық сұрақтар мазмұны

Сұрақ	Мақсаты
Эмоционалды интеллект дегеніміз не?	Бұл сұрақ эмоционалды интеллекттің негізгі мәнін түсіндіруге бағытталған, болашақ педагогтардың осы ұғыммен қаншалықты таныс екенін анықтау үшін қолданылады.
EQ аббревиатурасы нені білдіреді?	Сұрақ EQ (эмоционалды интеллект коэффициенті) ұғымының мағынасын қаншалықты білетінін және оның педагогикалық қызметтегі маңыздылығын түсіну деңгейін анықтауға бағытталған.
Сіздің ойыңызша, эмоционалды интеллект мұғалімнің кәсіби	Бұл сұрақ болашақ педагогтардың эмоционалды интеллекттің олардың кәсіби қызметіндегі маңыздылығын қалай түсінетінін және

қызметінде қаншалықты маңызды?	қаншалықты жоғары бағалайтынын анықтауға бағытталған.
Эмоционалды интеллекттің төмен деңгейі оқушылармен тиімді қарым-қатынас орнатуға қалай әсер етеді деп ойлайсыз?	Бұл сұрақ болашақ мұғалімдердің эмоционалды интеллекттің деңгейі мен оқушылармен қарым-қатынастың тиімділігі арасындағы байланысты қаншалықты түсінетінін анықтауға бағытталған.
Эмоцияларды басқару қабілеті педагогтың сыныптағы жұмысында қаншалықты қажет деп ойлайсыз?	Сұрақ эмоцияларды басқарудың педагогикалық қызметтегі маңызды элемент екендігін түсінуге және мұғалімдердің осы қабілеттің сыныптағы тиімділікті қаншалықты қамтамасыз ететінін бағалауға бағытталған.
Өз эмоцияларыңызды басқарып, оқушылардың эмоцияларын түсіну қабілетіңізді қалай бағалайсыз?	Бұл сұрақ болашақ педагогтардың өздерінің эмоционалды интеллект деңгейін (эмоцияларды басқару және басқалардың эмоцияларын түсіну қабілеті) өз бетімен бағалауына арналған.
Эмоционалды интеллекттің жоғары деңгейі мұғалімнің кәсіби өсуіне ықпал етеді деп ойлайсыз ба?	Бұл сұрақ эмоционалды интеллекттің педагогтың кәсіби өсуіне ықпал ететіндігі туралы қатысушылардың пікірін анықтауға бағытталған.
Сіз үшін басқа адамдардың эмоцияларын түсіну және оларға сәйкес әрекет ету қаншалықты қиын?	Сұрақ болашақ мұғалімдердің басқа адамдардың эмоцияларын түсіну қабілетінің деңгейін анықтауға бағытталған және бұл процестің қаншалықты қиын екенін бағалауға көмектеседі.
Эмоционалды интеллект туралы ақпарат алуды болашақ кәсіби дамуыңыздың бір бөлігі деп санайсыз ба?	Бұл сұрақ болашақ педагогтардың эмоционалды интеллектті дамытуға және осы бағытта білім алуына қаншалықты дайын екенін бағалауға арналған.
Сіз болашақ кәсіби қызметіңізге қаншалықты дайын сезінесіз және оған мотивацияңыз қаншалықты жоғары?	Бұл сұрақ болашақ педагогтардың өздерінің кәсіби қызметке дайындық деңгейін және ішкі мотивациясын бағалауға бағытталған.
Заманауи мұғалімдер қандай стресс факторларға жолығады?	Сұрақ заманауи педагогтардың кәсіби қызметте кездесетін негізгі стресс факторларын түсіну қабілетін бағалауға бағытталған.
Кәсіби іс-әрекетінде кездескен стресспен мұғалім қалайша күреседі?	Бұл сұрақ болашақ педагогтардың кәсіби қызмет барысында стресспен күресу тәсілдерін қаншалықты түсінетінін және оларды қалай қолданатынын анықтауға арналған.


Зерттеудің анықтаушы кезеңі өткізілді, оған 30 адам қатысты. Анықтаушы эксперимент екі кезеңнен тұрды. Бірінші кезеңде барлық қатысушылар Н.Холлдың «Эмоционалды интеллект тесті» сауалнамасын толтырды. Қатысушылардың көпшілігі (60%) эмоционалды интеллекттің (ЭИ) орташа деңгейін көрсетті, ал 10%-ында жоғары деңгей анықталды.



3-сурет. Анықтау кезеңіндегі Н. Холлдың «Эмоционалды интеллект тесті» сауалнамасы нәтижесінің диаграммасы

Екінші кезең қосымша диагностикалық сұрақтардан тұрды. Диагностикалық сұрақтардың жауаптардың таралуы мен талдауы төменде көрсетілген.

Эмоционалдық интеллект туралы теориялық білімдерді тексеретін сұрақтар студенттердің барлығы бұл ұғымның анықтамасы мен сипаттамаларына жақсы таныс еместігін көрсетті. Тек 47% ЭИ-ге дұрыс анықтама бере алды, ал 62% EQ аббревиатурасын түсіндіре алды. IQ мен EQ арасындағы айырмашылықты 72% респондент түсіндірді. Эмпатия туралы білім деңгейіне келетін болсақ, болашақ мұғалімдердің 80%-ы эмоционалдық интеллекттің негізгі компоненттерінің бірі ретіндегі оның мәнін түсінеді, бірақ олардың білімі мұғалімнің кәсіби қызметінде сәттілікке жету үшін жеткіліксіз.



4-сурет. Анықтау кезеңіндегі арнайы диагностикалық сұрақтар нәтижесінің диаграммасы

Болашақ мұғалімдердің мамандыққа мотивациялық дайындығын тексеруге арналған сұрақтар көрсеткендей, болашақ мұғалімдер мектеп мұғалімі балаларды түсіне білуі керек деп есептейді (32%), сабырлы болуы керек (18%), психология негіздерін білуі қажет (10%), қақтығыстарды шеше алуы (10%), эмоцияларын және балалардың эмоцияларын бақылай білуі қажет (8%). Сонымен қатар, 22% респонденттер сұраққа жауап беруде қиналды. Бірінші курс студенттері эмоционалдық интеллекттің аралас модельдеріне кіретін кейбір қабілеттерді табысты педагогикалық қызмет үшін міндетті деп санамайтынын атап өтті.

Қорытынды. Зерттеу нәтижелері бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби қызметінде эмоционалды интеллекттің ерекше маңыздылығын айқындады. Эмоционалды интеллекттің жоғары деңгейі мұғалімге өзінің эмоцияларын тиімді басқарып, оқушылардың эмоционалды жағдайын түсінуге мүмкіндік береді. Бұл мұғалімнің кәсіби жетістігін қамтамасыз ететін маңызды фактор болып табылады, себебі оқу процесінің тиімділігі мұғалімнің оқушылармен дұрыс қарым-қатынас орнату қабілетіне тікелей байланысты. Оқушылармен сенімді байланыс орнатып, олардың эмоционалды қажеттіліктеріне жауап беру, әсіресе, бастауыш сыныптарда маңызды, өйткені бұл кезеңде балалардың эмоционалды дамуы оқу процесінің ажырамас бөлігі болып табылады.

Эмоционалды интеллектті дамытпайынша, мұғалімдер оқушылардың мотивациясын көтеруде және сыныптағы жағымды оқу ортасын қалыптастыруда қиындықтарға тап болуы мүмкін. Мұғалімнің эмоцияларды басқару қабілетінің төмендігі тек қарым-қатынасты қиындатып қана қоймай, оқушылардың оқу үлгеріміне де кері әсер етуі ықтимал. Әсіресе стресстік жағдайларда мұғалімнің эмоционалды тұрақтылықты сақтап, сабырлы әрекет етуі үлкен маңызға ие. Сондықтан болашақ мұғалімдерге эмоционалды интеллекттің дамуы олардың кәсіби дайындықтарының ажырамас бөлігіне айналуы керек.

Эмоционалды интеллект тұтастай алғанда адамның жеке және кәсіби өмірінде табысты болуына ықпал ететін маңызды қабілеттер жиынтығын қамтиды. Ол адамның өз эмоцияларын түсіну, оларды бақылау, сондай-ақ басқа адамдардың сезімдерін түсініп, оларға жауап беру қабілетін білдіреді. Эмоционалды интеллекттің негізгі компоненттері – өз эмоцияларын тану, өзін-өзі реттеу, эмпатия, мотивация және әлеуметтік дағдылар – кез келген адам үшін өмірдегі және жұмыстағы қарым-қатынасты тиімді құруға мүмкіндік береді. Әсіресе, мұғалімдер үшін бұл қабілеттер маңызды, себебі олар күнделікті балалардың эмоциясымен жұмыс істейді және олардың оқуға деген ынтасы мен жетістіктеріне тікелей әсер етеді.

Сонымен қатар, зерттеу барысында алынған мәліметтер болашақ мұғалімдер арасында эмоционалды интеллекттің жеткіліксіз деңгейде дамығанын көрсетті. Бұл, әсіресе, эмпатия мен өз эмоцияларын басқару қабілетіне қатысты болды. Осыған орай, бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби дайындығында эмоционалды интеллектті дамытуға бағытталған арнайы бағдарламаларды енгізу маңызды. Бұл бағдарламалар болашақ мамандарға эмоцияларды түсіну мен оларды басқару қабілеттерін жетілдіруге, оқушылармен қарым-қатынас сапасын жақсартуға көмектеседі. Эмоционалды интеллектті дамытуға арналған оқу бағдарламалары мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін арттыруға, олардың кәсіби қызметін тиімді әрі сапалы жүргізуге мүмкіндік береді.

Тұтастай алғанда, эмоционалды интеллект адамның әртүрлі жағдайларда эмоционалды ақпаратты өңдеп, оған сәйкес әрекет ету қабілеті ретінде өмірдің барлық аспектілерінде табысты болудың негізін құрайды. Бастауыш сынып мұғалімдері үшін бұл қабілеттердің дамуы олардың педагогикалық қызметінде жетістікке жетуі үшін шешуші рөл атқарады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III // <http://online.zakon.kz/> (қаралған күні: 24.12.2024ж.)
2. Гоулман Д. Эмоциональное лидерство: Искусство управления людьми на основе эмоционального интеллекта / Д.Гоулман, Р.Боячич, Э.Макки; Пер. сангл. – 5 изд. – М.: Альпина Паблишерз, 2011. – 301 с.
3. Ye Shengyao, L.Xuefen, H.Salarzadeh Jenatabadi, N.Samsudin, Ke. Chunchun and Z.Ishak. Emotional intelligence impact on academic achievement and psychological well-being among university students: the mediating role of positive psychological characteristics. 2024. <https://doi.org/10.1186/s40359-024-01886-4>
4. Богачева Е.А. Влияние эмоционального интеллекта на качество жизни студентов в образовательном пространстве Изв. Саратов. ун-та. Нов. сер. Сер. Акмеология образования. Психология развития. 2018. Т. 7, вып. 4(28) с.386-390
5. Ильин Е.П. И Эмоции и чувства. - СПб: Питер, 2021. - 784 с
6. Кемелдену. Оқуға тиіс 10 кітап. Мазмұндама. – Алматы: «Мазмұндама» қоғамдық қоры, 2021. - 248 б.
7. <https://prosv.ru/articles/5-sostavlyayushchikh-emotsionalnogo-intellekta/> (қаралған күні 18.12.2024ж.)
8. Holeman I., Kane D. Human-centered design for global health equity // *Information Technology for Development*. - 2020. - Vol. 26, №3. - P. 477-505.
9. Маркина А.С. Эмоциональный интеллект в профессиональной деятельности учителя начальных классов: Ресурсы и риски выпуск: №10(45) экосистема детства. - 30 декабря 2022 <https://mgpu-media.ru/issues/issue-45/emotsionalnyj-intellekt-v-professionalnoj-devatelnosti-uchitelya-nachalnykh-klassov-resursy-i-riski/emotsionalnyj-intellekt-v-professionalnoj-devatelnosti-uchitelya-nachalnykh-klassov-resursy-i-riski.html>
10. Андреева И.Н. Структура и типология эмоционального интеллекта: автореф. дис... д-ра психолог. наук: 19.00.01; Белорус. гос. ун-т. - Минск, 2017. - 48 с.
11. Мадалиева З.Б., Қасен Г.А., Садыкова Н.М., Баймолдина Л.О., Садвакасова З.М. Теория и практика распознавания негативных эмоциональных состояний в прикладной психологии // *Вестник КазНПУ имени Абая. Серия: Психология*. 72, 3 (дек. 2022).
12. Выготский Л.С. Психология искусства. – Изд. 3-е. – М.: Искусство, 1986. – 123 с.
13. Дробышевская И.В. Сравнительное исследование особенностей эмоционального интеллекта и соотношения у студентов профессиональной социальной сферы в период обучения в вузе. <https://cyberleninka.ru/article/n/sravnitelnoe-issledovanie-emotsionalnogo-intellekta-i-lichnostnyh-osobennostey-u-studentov-professivno-sotsialnoy-sfery-v-period>
14. Трофимова Н.Б., Орлова Г.В. Развитие эмоционального интеллекта будущих педагогов как условия успешности профессиональной деятельности // *Известия Воронежского государственного педагогического университета*. 2023. № 2 (299). С. 41–47. *Izvestia Voronezh State Pedagogical University*. 2023. (2), 41–47.

Reference:

1. Qazaqstan Respublikasynyñ «Bilim turaly» Zany 2007 jylǵy 27 şildedegı № 319-III //http://online.zakon.kz/ (qaralǵan kúni: 24.12.2024j.)
2. Goulman D. *Emotsionalnoe liderstvo: Iskustvo upravleniya lyudmi na osnove emotsionalnogo intellekta* / D.Goulman, R.Boyatsich, E.Makki; Per. sangl. – 5 izd. – M.: Alpina Pablişerz, 2011. – 301 c.
3. Ye Shengyao, L.Xuefen , H.Salarzadeh Jenatabadi , N.Samsudin , Ke. Chunchun and Z. Ishak. *Emotional intelligence impact on academic achievement and psychological well-being among university students: the mediating role of positive psychological characteristics*. 2024. <https://doi.org/10.1186/s40359-024-01886-4>
4. Bogacheva E.A. *Vliyanie emotsionalnogo intellekta na kachestvo jizni studentov v obrazovatelnom prostranstve* *Ízv. Sarat. un-ta. Nov. ser. Ser. Akmeologiya obrazovaniya. Psihologiya razvitiya*. 2018. T. 7, vyp. 4(28) s.386-390
5. İlin E.P. *İ Emotsii i chuvstva*. - SPb: Piter, 2021. - 784 s
6. Kemeldenu. *Oquǵa tiis 10 kitap. Mazmündama*. – Almaty: «Mazmündama»qoǵamdyq qory, 2021. - 248 b.
7. <https://prosv.ru/articles/5-sostavlyayushchikh-emotsionalnogo-intellekta/> (qaralǵan kúni 18.12.2024j.)
8. Holeman I., Kane D. *Human-centered design for global health equity* // *Information Technology for Development*. - 2020. - Vol. 26, №3. - R. 477-505.
9. Markina A.S. *Emotsionalnyi intellekt v professionalnoi deyatelnosti uchitelya nachalnykh klassov: Resursy i riski vypusk: №10(45) ekosistema detstva*. - 30 dekabrya 2022 <https://mgpu-media.ru/issues/issue-45/emotsionalnyj-intellekt-v-professionalnoj-deyatelnosti-uchitelya-nachalnykh-klassov-resursy-i-riski/emotsionalnyj-intellekt-v-professionalnoj-deyatelnosti-uchitelya-nachalnykh-klassov-resursy-i-riski.html>
10. Andreeva, İ.N. *Struktura i tipologiya emotsionalnogo intellekta: avtoref. dis... d-ra psiholog. nauk: 19.00.01; Belarus. gos. un-t. - Minsk, 2017. - 48 s.*
11. Madalieva Z.B., Qasen G.A., Sadykova N.M., Baimoldina L.O., Sadvakasova Z.M. *Teoriya i praktika raspoznavaniya negativnykh emotsionalnykh sostoyanii v prikladnoi psihologii* // *Vestnik KazNPU imeni Abaya. Seriya: Psihologiya*. 72, 3 (dek. 2022).
12. Vygotskii L.S. *Psihologiya iskusstva*. – İzd. 3-e. – M.: Iskustvo, 1986. – 123 s.
13. Drobyşevskaya İ.V. *Sravnitelnoe issledovanie osobennostei emotsionalnogo intellekta i samootnoşeniya u studentov professii sotsialnoi sfery v period obucheniya v vuze*. <https://cyberleninka.ru/article/n/sravnitelnoe-issledovanie-emotsionalnogo-intellekta-i-lichnostnyh-osobennostey-u-studentov-professiy-sotsialnoy-sfery-v-period>
14. Trofimova N.B., Orlova G.V. *Razvitie emotsionalnogo intellekta buduıııh pedagogov kak usloviya uspeşnosti professionalnoi deyatelnosti*//*İzvestiya Voronejskogo gosudarstvennogo pedagogicheskogo universiteta*. 2023. № 2 (299). S. 41–47. *Izvestia Voronezh State Pedagogical University*. 2023. (2), 41–47.